

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
РГКП «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»**

**Робототехника бойынша бағдарламалар және
әдістемелік ұсынымдар**

**Программы и методические рекомендации по
робототехнике**

Астана, 2014

«Робототехника бойынша бағдарламалар және әдістемелік ұсынымдар» . Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014., - 183 бет.

«Программы и методические рекомендации по робототехнике». «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2014, - 183 стр

Құрастырғандар:

Қалиев Д.К. – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК ғылыми-техникалық, экология-туристік бөлімінің жетекшісі

Құрманалиева Г.С.- «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК ғылыми-техникалық, экология-туристік бөлімінің әдіскері

Берілген материал қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне, қосымша беру педагогтеріне арналған.

Рекомендовано к печати Учебно-методическим советом Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования от 26 сентября 2014 год № 4.

*ҚР БЖҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 4 хаттама)*

© Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК., 2014

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
Ғылыми-техникалық бағыт және робототехника	
Маңызды роботтардың кластары	7
Робототехника бойынша білім беру бағдарламалары (Гончаров А.А.)	18
Білім беру бағдарламаларының міндеттері	21
Сабақтың түрлері және тәртібі	23
Күтілетін нәтижелері және оларды тексеру тәсілдері	24
Білім беру бағдарламасының әдістемелік қамтамасыз етілуі	25
Бағдарламаның жүзеге асырылу шарттары	26
Қорытынды	40
Қосымшалар	42
Қолданылған әдебиеттер тізімі	182
Введение	89
Научно-техническое направление и робототехника	
Важнейшие классы роботов	91
Образовательная программа по робототехнике (Гончаров А. А.)	103
Задачи образовательной программы.	107
Формы и режим занятий.	110
Ожидаемые результаты и способы их проверки	111
Методическое обеспечение образовательной программы.	112
Условия реализации программы	113
Заключение	130
Приложение	133
Список использованных литератур	182

Кіріспе

Ғылыми-техникалық бағыт және робототехника

Қазіргі уақытта балаларға қосымша білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерін бағдарламалық-әдістемелік, яғни ғылыми-экспериментальді, тәрбиелік, ұйымдастырушылық-бұқаралық, ойын-сауық қызметін қамтамасыз етуге ықпал жасауға керекті ақпаратсыз қосымша білім беру жүйесінің дамуы мүмкін емес. Оқу-әдістемелік жұмыс өзінің әртүрлілігімен ерекшеленгенімен, егер ол жаңа педагогикалық білім сапасының яғни жаңашылдық талаптары және шарттарын ескермей құрастырылып және ресімделсе, онда оның педагогикалық маңызы жеткіліксіз болады.

Мектептегі білім беру аясында жүзеге асырыла берілмейтін балалардың танымдық қызығушылықтары және қажеттіліктерімен байланысты білім беру қызметі жаңа шарттарда маңызды орын алады.

Қоғамдағы инновациялық өрлеу өскелең ұрпақтың танымдық үдерісіне және тұрақты ғылымға деген қызығушылығынсыз мүмкін болмайды. Осыған байланысты, қазақстандық білім берудің келешектегі міндеттеріне балалардың әлеуметтік-жас аралық санаттарын ескерумен бірге және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатын есепке алған, технология және техника, ғылымды дамыту деңгейіне бейімделген балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығы болып табылады.

Қазақстанның индустриалды қоғамнан постиндустриалды ақпараттық қоғамға ауысуы, қазіргі қоғамның өркендеуі балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың жолдары және мүмкіндіктеріне жаңа көзқараспен қарауға мәжбүрлейді.

Осыған орай, тұлғаның толық қалыптасуын, оның жеке тұлғалық дамуын, өзін-өзі басқару қабілеттерімен қамтамасыз етуге арналған жаңа технологияларды, әдістерді, тәсілдерді іздеу өзекті болып отыр.

Республиканың балаларға қосымша білім беру ұйымдарында робот техникалары бойынша белгілі бір тәжірибелер жинақталуда.

Робототехника (ағылшын тілінде robotics; робот және техника сөзінен) интенсификациялық өндірістің маңызды техникалық негізі болып табылатын және автоматтандырылған техникалық жүйесін әзірлеумен айналысатын қолданбалы ғылым^[1].

Робототехника электроника, механика, информатика, сондай-ақ, радиотехника және электроника пәндеріне сүйенеді. Құрылыстық, өнеркәсіптік, тұрмыстық, әуелік және экстремалдық (әскери, ғарыштық, су асты) робот техникаларын бөледі.

Робототехникалық кешендер білім беру саласында электронды автоматтық басқару теориясындағы жоғары технологиялық зерттеу

құрылғылары ретінде танымал. Оларды әртүрлі білім беру орындарында қолдану ILERT секілді Еуропалық одақтың және АҚШ-тың ірі білім беру бағдарламаларының негізіне сүйене отырып, «жобалауға оқыту» тұжырымдамасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Робототехникалық кешендердің мүмкіндіктерін инженерлік білім беруде қолдану бірнеше аралас пәндер бойынша (механика, басқару теориясы, сызба техникалары, бағдарламалау, ақпарат теориясы) бір уақытта кәсіби дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Кешенді білімдердің қажеттілігі зерттеу ұжымдарының арасындағы байланысты дамытуға әсерін тигізеді. Сонымен бірге, білім алушылар бейінді дайындау үрдісінде шынайы практикалық міндеттерді шешумен айналысады.

Маңызды робот кластары

Маңызды робот кластарының ішінде манипуляциялық және мобильді роботтар кеңінен таралған.



Роботтың қолы


Манипуляциялық робот- өндірістік үдерісте қозғалғыштық және басқару қызметтерін атқаруға арналған бірнеше қозғалғыштық деңгейі және бағдарламалық басқару құрылғысы бар манипулятор түріндегі орындағыш құрылғыдан тұратын автомат машина (стационарлық және жылжымалы). Мұндай роботтар еден үстілік, аспалы және порталды орындауда жасалады. Көбінесе, көлік және приборлар жасау салаларында таралған.

Мобильді робот - автомат басқару желілерімен бірге жылжымалы шассилары бар автомат машина. Мұндай роботтар дөңгелекті, қадам басқыш және шынжыр табанды болады (сондай-ақ еңбектеп жүретін, құбылмалы және ұшатын мобильді роботтехникалық жүйесі бар).

Роботтар компоненттері

Желілері

Желі - бұл роботтардың «бұлшық еті». Қазіргі уақытта желідегі электрлік қозғалтқыш ең танымал, бірақ химиялық заттары немесе тығыздалған ауа қолданылған түрлері де болады.



Ауада бұлшық еті жұмыс жасайтын роботтың аяғы.

Тұрақты тоқтың қозғалтқыштары: Қазіргі уақытта көбінесе бірнеше түрлері бар роботтардың электрқозғалтқыштарын қолданады.

Қадамдық электрқозғалтқыштары: тұрақты тоқ қозғалтқыштар тәріздес қадамдық электрқозғалтқыштар еркін айналмайды. Олар контроллердің басқаруымен белгілі бір бұрышқа қадаммен бұрылады. Бұл контроллерге белгілі басқарушы тетіксіз белгіленген бұрышқа қадам жасай алады, сондықтан да мұндай қозғалтқыштар көптеген роботтардың желілерінде және ЧПУ станкаларында қолданылады.

Пьезоқозғалтқыштар: тұрақты тоқтың заманауи альтернативті қозғалтқыштар пьезоқозғалтқыштар болып табылады, олар сондай-ақ ультрадыбыстық қозғалтқыштары ретінде танымал. Олардың жұмыстарының принципі бірнұсқалы: секундына 1000 рет жиіліктегі тербеліспен, тік немесе шеңбер бойынша моторды қозғалтатын кішкентай пьезоэлектрлік аяқтарының болуында. Бұндай қозғалтқыштардың артықшылығы жоғары нанометрлік шешімдері, жылдамдық және қуаттылығы. Пьезоқозғалтқыштар коммерциялық негізде қолжетімді және сондай-ақ кейбір роботтарда қолданылады.

Ауа бұлшық еттері: Ауа бұлшық еттері- қарапайым, бірақ күшті тартуды қамтамасыз ететін мықты құрылғы. Тығыздалған ауамен толтырылған кезде бұлшықеттер өзінің ұзындығынан 40 пайызға дейін қысқарады. Бұл іс әрекеттің себебі ішкі жағының өрілуі болып табылады яғни бұлшықеттің ұзаруы немесе жіңішкеруі, қысқаруы мен қалыңдауына әсер етеді. Олардың жұмыстары биологиялық бұлшықеттеріне ұқсас болады, жануарлар қаңқасы мен бұлшықеттері тәріздес роботтардың бұлшықеттерін және қаңқасын жасау үшін қолдануға болады^{[7][8]}.

Электроактивті полимерлер: Электроактивті полимерлер- электрлік ынталандырушыға жауап ретінде формасын өзгертетін

пластмассалардың түрі. Олардың иіле алатындай, созыла алатындай немесе қысқара алатындай құрылымы болуы тиіс. Қазіргі кезеңде коммерциялық роботтарды жасау үшін ЭАП-тың уақыты жоқ, бұған дейінгі олардың үлгілері тиімді емес және тиянақсыз болды.

Икемді нанотрубкалар: Бұл- алғашқы сатыдағы әзірлеме деңгейіндегі экспериментальді технологиялар. Нанотрубкалардағы кемшіліктердің болмауы талшықтардың бірнеше пайызға икемді өзгеруіне әсер етеді. Адамның шынтақты бүгетін бұлшықетінің орынына диаметрі 8 мм болатын сым қолданылады. Бұндай тұтас «бұлшық еттер» келешекте роботтарға адамдардан асып түсуге мүмкіндік береді.

Орын ауыстыру тәсілдері

Дөңгелекті және шынжыр табанды роботтар

Берілген класстың кең таралған роботтардың ішінде төрт дөңгелекті және шынжыр табанды роботтар. ^{[9][10]} Сондай-ақ, басқа екі немесе бір дөңгелегі бар роботтар жасалуда. Мұндай шешімдер роботтың құрылымын жеңілдетеді, сондай-ақ төрт дөңгелекті конструкцияның жұмысқа қабілеттілігі жоқ кеңістікте роботтың жұмыс жасауына мүмкіндік береді.



Нагоядағы роботтар мұражайындағы Севгей

Екі дөңгелекті роботтар әдеттегідей, робот корпусының еңкіш бұрышын анықтау және басқару кернеуіне сай роботтар желісін жасау үшін (қажетті орын ауыстыруды орындау және тепе-теңдікті ұстауды қамтамасыз ету мақсатында) гироскопиялық құрылғыларды қолданады. Екі дөңгелекті роботтардың тепе-теңдікті ұстау міндеті кері маятниктің динамикасымен байланысты. ^[11] Қазіргі кезде көптеген осындай «теңгеруші» құрылғылар құрастырылды. ^[12] Осындай құрылғының қатарына роботтың компоненті ретінде Севгейді жатқызуға болады; севгей НАСА жасаған Робонавт роботында транспорттық платформа ретінде қолданылды ^[13].

Бір дөңгелекті роботтар екі дөңгелекті роботтармен байланысты идеяның өзінше дамуын көрсетеді. 2D кеңістігінде орын ауыстыру үшін жалғыз дөңгелек ретінде бірнеше желілерімен айналатын шар қолданылады. Мұндай роботтардың бірнеше әзірлемелері бар. Шар роботтардың үлгілері ретінде Карнеги университетіндегі Меллона, Тохоку Гакуин (ағылшынша. *Tohoku Gakuin University*) университетінде жасалған «BallIP» шар роботы^[14] немесе Швейцария жоғары техникалық мектебінде жасалған Rezero шар роботы^[15] кіреді. Бұндай роботтардың бірнеше артықшылығы бар: олардың созылғыш формасы адамдардың ортасында жақсы кіріктірілуіне әсер етеді, бұл кейбір роботтардың түрлері үшін мүмкін^[16].

Салалық роботтардың кейбір прототиптері бар. Олардың кейбірлері орын ауыстыруды ұйымдастыру үшін ішкі массаның айналымын қолданады^{[17][18][19][20]}. Мұндай роботтардың түрлерін ағылшынша *spherical orb robots*, ағылшынша. *orb bot*^[21] и ағылшынша. *ball bot* атайды^{[22][23]}.

Тегіс емес, шөптесін және тасты жерлерде орын ауыстыру үшін төрт дөңгелектілермен салыстырғанда көп тіркелген алты дөңгелекті роботтар жасалуда. Сонымен қатар көп тіркесуді шынжыр табандар қамтамасыз етеді. Көптеген заманауи әскери роботтар, сондай-ақ шынжыр табанды роботтар арнайы тегіс емес қатқыл жерлерде орын ауыстыру үшін жасалады. Мұндай роботтарды ғимаратта, тегіс төселімдерде және кілемдерде қолдану қиынға түседі. Мұндай роботтардың үлгілері ретінде НАСА жасаған робот ағылшынша. *Urban Robot* («Urbie»)^[24], iRobot компаниясы жасаған Warrior и PackBot роботтары жатады.

Қадам жасаушы роботтар



Honda өндірісінің робот-андرويد ASIMO

Қадам басушы роботтарды жасау туралы теориялық және практикалық сұрақтарға арналған алғашқы басылымдары ХХ ғ. 1970-1980 жылдарына қарастырылды.^{[25][26]}

«Аяқты» қолдана отырып роботтың орын ауыстыруы өз алдына күрделі міндеттің динамикасын көрсетеді. Қазір екі аяқ арқылы орын ауыстырушы роботтардың саны артуда, бірақ бұл роботтар адамға тән тұрақты қозғалысқа жете алмай отыр. Сондай-ақ, екі аяқты роботтардан басқа көптеген механизмдер жасалды. Мұндай конструкцияға назар аударуының шартталуы, бұл олардың оңай жобалануында^{[27] [28]}. Сонымен қатар, гибриді нұсқалары (мысалы, «Мен роботпын» деген фильміндегі роботтар жүріс кезінде екі аяқпен және жүгіру кезінде төрт аяқпен орын ауыстыруға қабілетті) ұсынылады.

Кейбір екі аяқпен орын ауыстырушы роботтар әдеттегідей еден, баспалдақ бойынша жақсы қозғалады. Бұл типтегі роботтарға кедір-бұдырлы жерлер бойынша орын ауыстыру қиынға соғады. Қадам жасаушы роботтарға орын ауыстыруға мүмкіндік беретін бірнеше технологиялар бар:

ZMP- технология: ZMP (ағылшынша) (ағылшынша Zero Moment Point, «нөлдік кезеңінің нүктесінен») – Хонда компаниясының ASIMO секілді роботтарда қолданылатын алгоритм. Борт компьютер роботтың орын ауыстыруында роботқа әсер етуші сыртқы күштің жинағы жоғары жаққа бағытталуын басқарады. Осының арқасында роботтың құлауына себеп болатын айналғыш кезеңі болмайды^[29]. Мұндай қозғалыс тәсілдері адамға тән емес, бұны ASIMO роботы мен адамның қозғалысын салыстыра отырып аңғаруға болады^{[30][31] [32]}.

Секіруші роботтар: 1980 жылдары Массачусет технологиялық институтының профессоры Марк Рейберт «Leg Laboratory» тек қана бір аяғын қолдану арқылы тепе-теңдікті сақтай отырып секіріс жасайтын роботты жасап шығарды. Роботтың қозғалысы тренажердағы адамның қозғалысын пого-стикті еске түсіреді^[33]. Нәтижесінде алгоритм екі және төрт аяқтарын қолданушы механизмдермен кеңейтілді. Мұндай роботтар жүгіре алатын және сальто жасай алатын қабілеттерін көрсетті^[34]. Төрт аяқтары арқылы орын ауыстырушы роботтар жүгіре алатынын, көрсетті^[35].

Тепе-теңдікті ұстаушы бейімделгіш алгоритмдер. Көбіне мұндай технологияны қадам жасаушы робот-тасушы Big Dog қолданады.

Бұл робот қозғалыс кезінде статистикалық тұрақтылық нүктесінен салмақ орталығының алдыңғы жағдайынан тұрақты ауытқушылықты ұстайды, бұл өзгеше аяқтың қою қажеттілігін («тізесін ішіне» немесе «тянитолкай») сондай-ақ, машинаның бір орнында тоқтап қалу және жүрістің өтпелі тәртібін қайта өңдеу мәселелерін туғызады.

Бейімделгіш алгоритм көбіне жылдамдық векторының салмақ жүйесінің орталығына тұрақты бағытталуының сақталуын тірек етеді, алайда мұндай әдістер жоғары жылдамдықта ғана тиімді бола алады. Заманауи робот техникаларында эвристикалық талдаудағы жоғары тиімді әдістерінің кинематикалық сипаттамалары жүйесін есептеуді байланыстыратын тұрақтылықты қолдайтын құрамдастырылған әдістердің әзірлемелерін ұсынады.

Орын ауыстырудың басқа әдістері. Ұшатын роботтар. Көптеген заманауи ұшақтар ұшқыштардың басқаруымен ұшатын роботтар болып табылады. Автоұшқыш ұшудың барлық кезеңінде яғни ұшу және қонуды бақылай алады ^[36]. Ұшатын роботтардың қатарына сондай-ақ ұша алмайтын, ұша алатын аппараттар кіреді (БПЛА; олардың қатарына маңызды болып қанаты бар зымырандарда кіреді). Мұндай аппараттар әдеттегідей салмағы жеңіл (ішінде ұшқыштың болмауынан) және аса қауіпті миссияны орындайды; кейбір БПЛА оператор бұйрығымен от жаудыра алады. Сонымен қатар,автоматты түрде от жаудыра алу қабілеті бар БПЛА роботтары жасалуда. Ұшатын роботтар мен ұшақтарды қолданатын қозғалыс әдістерінен басқа да қозғалыс әдістері қолдануда-мысалы, пингвин, скаттар, медузаларға тән қозғалыстар; мұндай орын ауыстырудың тәсілдерін Festo компаниясының Air Penguin^[37] ^[38], Air Ray^[39], Air Jelly ^[40] роботтары қолдануда немесе жәндіктерге тән қозғалысты мәселен RoboBee^[41] роботы қолданады.



Екі жылантәріздес жылжымалы роботтар. Сол жағындағысы 64 желімен, оң жағындағысы - 10 желімен жабдықталған.

Жылжымалы роботтар. Жыландар, құрттар, шырышты ұлу секілді орын ауыстыратын роботтарының әзірлемелері бар^[42]. Мұндай орын ауыстырудың тәсілдерін пайдаланатын роботтар тар кеңістіктерде еркін қозғалуға мүмкіндігі бар; көбіне мұндай роботтарды қирап жатқан ғимараттардың астынан адамдарды іздеуде қолданады ^[43]. Сондай –ақ, суда орын ауыстыра алатын жылантәріздес роботтар жасалды; мұндай

конструкцияның үлгісі ретінде АСМ-R5 жапондық роботын жатқызуға болады^[44] ^[45].

Жоғары бөлігінде вертикаль бойынша орын ауыстырушы роботтар. Мұндай роботтарды жобалауда әртүрлі тәсілдемелер қолданылады. Бірінші тәсілдеме-тегіс емес қабырғалар бойынша адамға тән орын ауыстырушы роботтарды жобалау. Мұндай конструкцияның үлгісі ретінде Стэнфорд университетінде жасалған Capuchin роботын жатқызуға болады^[46]. Басқа тәсілдеме- геккондарға тән орын ауыстырушы роботтарды жобалау. Мұндай роботтарға Wallbot^[47] және Stickybot^[48] үлгісі бола алады.

Жүзгіш роботтар. Суда балық тәріздес қозғалатын роботтардың көптеген әзірлемелері бар. Кейбір есептеулер бойынша мұндай қозғалыстың тиімділігі ескіш винтті қолданғандағы қозғалыстан 80пайызға асып түседі^[49]. Сонымен бірге, мұндай конструкцияның шығартын дыбысы төмен, сондай -ақ, жоғары ептілігімен ерекшеленеді^[50]. Бұл балық тәріздес қозғалатын роботтарды зерттеуге деген жоғары қызығушылықты танытудың бірден бір себебі болып отыр. Мұндай роботтардың қатарына тунецке тән қозғалыс тәсілдерін моделдеу және зерттеу үшін Эссекс университетінде Robotic Fish^[51] және Institute of Field Robotics институтында Tuna роботы жатады. Сондай –ақ, басқа конструкциялы жүзгіш роботтардың әзірлемелері бар^[52]. Бұған Festo компаниясының скат секілді қозғалатын Aqua Ray роботы және медуза секілді қозғалатын Aqua Jelly роботын жатқызуға болады.

Басқару жүйесі

Роботтарды басқару бұл оларға қойылған міндеттерді шешуде роботтардың бейімделуімен байланысты міндеттердің кешенді шешілуі, қозғалыстардың бағдарламалануы, басқару жүйесінің талдауы және оның бағдарламамен қамтамасыз етілуімен түсіндіріледі^[53].

Робототехникалық жүйені басқару типі бойынша төмендегідей бөлінеді:

1. Биотехникалық:

командалық (роботтың жеке бөліктерін түймелі және иіңтіректі басқару);

көшірме жасаушылар (адамның қозғалысын қайталау, кері байланысты жүзеге асыру мүмкіндігі, берілген күшті тарату, экзо қаңқалары);

жартылай автоматты (бір құралмен басқару, мысалы, роботтың барлық кинематикалық жүйесінің тұтқасымен).

2. Автоматты:

бағдарламалық (ертерек берілген бағдарлама бойынша қызмет жасайды, негізінен қоршаған ортаның шартындағы бірыңғай міндеттерді шешуге арналған);

бейімделгіш (типті міндеттерді шешеді бірақ, қызмет ету шартына бейімделеді);

зияткерлік (дамыған автоматты жүйелері).

3. Интерактивті:

автоматтандырылған (биотехникалық және автомат режимдерінің алмасуы мүмкін);

сырттай қадағалаушылық (адам мақсатқа бағытталған қызметтерді ғана орындай алатын автоматты жүйесі);

диалогтық (іс-әрекеттің стратегиясын таңдау бойынша адаммен сөйлесуге қатысады, әдеттегідей робот мақсатты таңдау бойынша кеңес беру және манипуляция нәтижесін болжауға қабілетті, сараптамалық жүйесімен жабдықталады).

Роботтарды басқаруда негізгі міндеттердің ішінен төмендегідей бөледі ^[54].

жағдайды жоспарлау;

қозғалысты жоспарлау;

күш пен кезеңді жоспарлау;

динамикалық нақтылығын сараптау;

роботтың кинематикалық және динамикалық сипаттамаларын идентификациялау.

Роботтарды басқару әдістерін дамытуда техникалық кибернетика және автоматты басқару теориясындағы жетістіктер жоғары маңызға ие.

Оқу зертханаларына арналған роботтехникалық кешендер:

- Mechatronics Control Kit
- Festo Didactic
- LEGO Mindstorms
- fischertechnik
- Келешектегі технологиялардың жаңа тізімі

Роботтардың түрлері:

Андроид

Әскери робот

Тұрмыстық робот

Персональді робот

Өндірістік робот


Әлеуметтік робот

Шар тәрізді робот

Конструктор ЛЕГО



Орасан зор әртүрлі ЛЕГО конструкторының арасынан LEGO NXT конструкторы ерекшеленеді. Олардың айрықша ерекшелігінің бірі барлық мүмкін болатын зияткерлік механизмдердің моделін жинауға болады, мысалы роботтарды. Бұл моделдердің миы микоркомпьютер болып табылады, ал қоршаған ортаға бұл модель жарықтың тетігі, жанасу, температура, дыбыс және бұрылу бұрышы арқылы жауап қайтара алады. Бағдарламаны жасау үшін бұл модель RoboLab бағдарламасы арқылы арнайы тілді қолданады, жасалған модель көмегімен қара сызық бойынша жүруіне, баспалдақ бойынша көтерілуіне, себетке шарларды тастауына және т.б. жасауына болады.



NXT бағдарлама блогы

MINDSTORMS® роботының «миы» NXT болып табылады. Бұл MINDSTORMS® роботының әртүрлі іс-әрекетін жүзеге асыруына және қозғалуына мүмкіндік беретін интелектуалды, LEGO® конструкциясының элементімен компьютерлік басқару. NXT дисплейіндегі мәндік хаттар ағылшын тілінде жазылатынына назар аударыңыз.

Мотор порты NXT моторды қосуға арналған үш шығу порттарымен жабдықталған. Мотор жұмыс жасау үшін ол А, В немесе С порттарының біріне қосылуы тиіс.

Сенсор порты NXT Сенсорды қосу үшін төрт шығу порттарымен жабдықталған. Сенсорларды 1,2,3 немесе 4 порттарына міндетті түрде қосу керек.

USB порты USB кабелін USB портына қосыңыз және NXT- ке компьютерден бағдарламаларды жүктеңіздер (немесе мәліметтерді роботтан ді компьютерге жіберіңдер). Мәліметтермен алмасу және жүктеу үшін сондай-ақ, желісіз Bluetooth каналын қолдануға болады.

Дауысты ұлғайтқыш Шынайы дыбыстарды қолдана отырып бағдарлама жасаңыз, бұл бағдарламаны іске қосуда дыбыстар жазылады. NXT түймесі қызғылт сары түймесі: Қосу./ Енгізу Ашық –сұр бағыттар: NXT мәзірі бойынша оңға солға орын ауыстыру үшін қолданылады. Жою/ кері қайту.

NXT түймелері Қызғылт сары түймесі: Қосу./ Енгізу Ашық –сұр бағыттар: NXT мәзірі бойынша оңға солға орын ауыстыру үшін қолданылады. Қара- сұр түймесі: Жою/ кері қайту.

NXT дисплейінің опциялары. NXT орасан зор қызықты функциональді мүмкіндіктері бар. LEGO MINDSTORMS пайдаланушының басшылығынан олар туралы жан-жақты оқуға болады.

Техникалық параметрлері.

- 32 битті ARM7 256 КБайт FLASH микроконтроллерлер, 64 КБайт RAM 8- битті микроконтроллер AVR 4 Кбайта FLASH, 512 байт RAM, Желісіз Bluetooth каналы (Bluetooth Class I I V 2.0 талабына сай құрылғысы).

- USB жылдамдық порты (12 Мбит/с)
- 4 шығу порттары, 6 сандық платформаға арналған желілік кабель (болашақта қолдануға арналған I EC 61158 Type 4/EN 50 170 сай келетін, порттардың бірі кеңейту портын қосып алады)
- 3 шығу порттары, 6 сандық платформаға арналған желілік кабель
- графикалық 100 x 64 пикселдегі ЖК-дисплейі
- Дауыс ұлғайтқыш- аудионың сапасы 8 КГц. 2-16 КГц жиілігімен және 8 битті квантты аудиоканалы. Тоқ көзі: AA типтегі 6 батареялар.



Робототехника бойынша білім беру бағдарламасы ТҮСІНІК ХАТ

Алғашқы «робот» терминін чех жазушысы Карел Чапек өзінің «Россумның әмбебап роботтары» кітабында қолданды. Онда адамдар үшін белгілі бір жұмысты орындаушы механикалық роботтар туралы айтылған. Алайда жалпы алғанда адамға ұқсас және металдан жасалған қозғалғыш роботтардың дәстүрлі түрлері туралы сонау Гомер кезеңіндегі шығармашылық әдебиеттерде кездеседі.

Робот техникасының даму тарихы ежелден бастау алады. Сол кезеңдерде адамға ұқсас техникалық жабдықтарды жасау идеялары пайда болды және оларды жасау бойынша алғашқы талпыныстар жасалды. Қозғалмалы дене бөліктері бар құдайдың мүсіндері Ежелгі Египетте, Вавилонда, Қытайда пайда болды.

Соның ішінде, жасанды адам туралы ертеректе Крит аралын жаулардан қорғау үшін Гефест жасаған Талое (б.з. III мың жыл бұрын) атты алып адам осының дәлелі. Б.з.б III мың жылдың ортасында египеттіктер ойланатын машиналар идеясын ойлап тапты: мүсіннің ішінде кеңестер мен жорамалдар беретін абыздар тығылып отырды. Гомердің «Илиада» (б.з.д 9 ғ) шығармасында ұста Гефест механикалық қызметшілерді соғып шығарды. Платонның (б.з.д. 5 ғ) жұмыстарында адамның ойлауына және машинаның механикасына қатысты идеялар көрсетілген. Платонның досы, Тарентумнан шыққан жарқын философ әрі математик Архит ағаштан жасалған ұша алатын көгершінді құрастырды. Ежелгі дәстүр бұл Архиттің механика бойынша алғашқы теориялық еңбегі деп есептеді.

Жаңа технологиялардың дамуымен, соның ішінде электроника, кибернетика және жасанды интеллект секілді физика саласындағы жетістіктерімен тең материалтану, робототехника пән ретінде өзінің болашақта дамуын алады.

Күн сайын адамдардың орындауымен оның қабілеттері қолданылмайтын көптеген іс-әрекеттер жасалды. Мұндай іс-әрекеттер, қарапайым және аса монотонды, бірақ олар оның үздік нәтижелерімен және қате санының аз болуымен, адамның «адамдық факторымен» әйгілі.

Робот техникасы роботтарды қолдану және әзірлеумен байланысты сондай-ақ, ақпаратты өңдеу және сенсорлық кері байланыс, оларды басқаруға арналған компьютерлік жүйесі техникаларының саласы. Көптеген робот техникаларының құрылғы типтері бар, соның ішінде-манипуляторлар, мобилді роботтар, қадам жасаушы роботтар, мүгедекке көмек ретіндегі құрылғы, телебасқару роботтар және электр-механикалық жүйесі.

Робот техникасының жүйесі әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады: машина жасауда бөлшектерді механикалық өңдеуді автоматизациялау үшін, ұсталық-престелген, құю және пісіру өндірісі, жүктеу-жүк түсіретін және транспорттық операцияларды, сондай-ақ күрделі технологиялық операцияларды орындау үшін: құрастыру, тазарту, қаптауды қондыру. Заманауи «көмекшілер» сондай-ақ адам денсаулығы үшін зиянды әсер алғанда, жарылыс қаупі және қауіпті радиацияның пайда болуы сияқты жұмыстың экстремальді шарттары бар салаларында көмектеседі. Бұнда кеніштегі , ыстық зауыт цехтарындағы, су асты, радиоактивті және жарылыс заттарымен жасау жұмыстары жатады. Ғарыштық аппараттар да роботтар болып табылады.

Білім алушыларға радиоэлектрониканың, бағдарламалаудың және робототехниканың негізін және әртүрлі тағайындаудағы техникалық құрылғыларды әзірлеуге арналған олардың қосымшаларын игеруге, сондай-ақ білім алушылардың белсенді шығармашылық ойлауы мен кәсіби бағдарын қалыптастыруға көмек көрсету робототехника үйірмесінің басты міндеттері болып табылады. Жоғарыда аталған міндеттердің шешілуінің тиімділігі кәсіби педагогикалық дайындығына және оның жетекшісінің қызығушылығына, олардың пәнді жақсы білуіне, балаларды ұйымдастыру мен олардың шығармашылық қарым-қатынасын қолдауына байланысты.

Қосымша білім беру бағдарламасы білім алушылардың дербес техникалық шығармашылыққа ынтасын, шығармашылық қабілетін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама бастаушы және базалық білімді игерген білім алушыларға арналған.

Ол сондай-ақ бағытталған:

- техникалық жүйесін басқару саласындағы соның ішінде робототехникадағы заманауи және келешектегі технологияларымен таныстыру;

- білім алушылардың политехникалық дамуы;

- білім алушылардың шығармашылық және эстетикалық дамуы;

- алынған, соның ішінде интернет жүйесіндегі мәліметтерді тауып алу және қолдану;

- робототехникалық құрлығының конструкциясын әзірлеу кезінде пайда болған міндеттерді шешу идеяларын көтеру және оларды дайындау технологияларын таңдау.

Қосымша білім беру бағдарламасының жаңалығы. Робототехника бойынша сабақ білім алушылардың интеллектуальді және жеке тұлғалық дамуына көмектеседі, оқуға деген олардың мотивациясының артуына ықпал жасайды, қызықты жобалармен қызықтырады.

Роботтарды тестілеу және бағдарламалауды әзірлеу үдересінде білім алушылар зерттеу және шығармашылық жұмыстардың маңызды

дағдыларды меңгереді; қолданбалы математика, физика, информатика ұғымдарымен кездеседі, зерттеу үдерісімен танысу, пайда болған міндеттерді жоспарлау және шешу; мәселені қадам бойынша шешу, гипотезаны өңдеу және тексеру, күтпеген нәтижелерін талдау дағдыларын алады.

Білім алушылардың дербес дайындығы үшін арналған робототехникалық құрылғыларды және техникалық жүйесін басқаратын конструкция сабағының тәжірибелік бөлігі шет елдік және отандық өндірістері шығарған, көп таралған тетіктер мен компоненттерін қамтиды. Бағдарламаның теориялық материалдарын зерттеу және практикалық орындауға арналған барынша негіз бола алатын, техникалық жүйесін басқару конструкциясының негізінде бағдарламалық және сызбатехникалық шешімдері жатады.

Қосымша білім беру бағдарламасының өзектілігі берілген материалдың төмендегідей ықпал жасауымен көрінеді:

- баланың жеке тұлғалық дамуы үшін қажетті шарттармен қамтамасыз ету;
- кәсіби өзін-өзі айқындау;
- 13-18 жастағы балалардың шығармашылық еңбегі;
- олардың қоғамдағы өмірге бейімделуі;
- мазмұнды бос уақыттың ұйымдастырылуы;
- оқу-тәрбие үдересінің талабына, қазіргі өмірдің сұранысына мүмкіндік береді.

Берілген іс-әрекеттің түрі шығармашылық пен танымдық мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді. Сабақ эстетикалық талғамды, ойлауды, қиялды, дамытады, конструктивті дағдыларын қалыптастырады. Мектеп сабақтарынан кейінгі уақытты өткізу сапасын арттырады, коммуникативті ептілікті дамытады, жасөспірімдер және балалардың бейәлеуметтік шараларына ықпал жасайды.

Тағы бірі өзектілігі бұл сабақтың дербестікке ұмтылуда танымдық-шығармашылық іс-әрекетін ынталандыруда, білім алушылардың жеке тұлғалық сапасын дамыту үшін жағдай жасауда; құрастырушылыққа үйірмеге қатысушыларды дайындау және әдебиеттегі алынған сызба бойынша робототехникалық құрылғыларды сондай-ақ дербес әзірленген сызба бойынша жинауда болып отыр.

Қосымша білім беру бағдарламасының педагогикалық мақсаттылығы балалармен жұмыс жасауда тәжірибесі жоқ қосымша білім беру педагогтеріне көмек ретінде, сондай-ақ білім алушылармен жаңа және бағдарламалау және радиоэлектроника, робототехникасы бойынша теориялық деректердің өзектілігі, «Информатика», «физика» және «технология» мектеп курстарының білімін бекіту, оқуды бекіту, тұрмыстық роботының және техникалық жүйесін бағдарламалау мен

дайындау бойынша монтажды, реттейтін және құрастырылған жұмыстардың практикалық сабақтарда орындалуы.

Қосымша білім беру бағдарламасының мақсаты:

- білім алушылардың политехникалық білімінің мотивациясын дамыту, ғылым және техника саласында тұлғаның шығармашылық жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- идеяларды ұжымдық өңдеу, олардың ішінде жүзеге асыру кезіндегі жігерілілік;
- роботтарды құрастыру және жалпы кибернетика саласында практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері және инновациялық технологияларға бағдарлау;
- қазіргі нарықтық қарым-қатынасқа әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін заманауи ұйымдастырушылық-экономикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Білім беру бағдарламасының міндеттері

Білім берушілік:

- білім алушыларды заманауи робототехникалық өндірістердің және робототехника, бағдарламалау, радиоэлектрониканың заманауи бағыттарымен таныстыру;
- бағдарламалау және радиоэлектроника, робототехникадағы келешек және кең таралған технологиялар туралы политехникалық білімдерін қалыптастыру;

- оқытудың мотивациясын қалыптастыру.

Дамытушылық:

- білім алушылардың рационализаторлық және өнертапқыштық, шығармашылық міндеттерін шешу қабілетін және өз бетінше жұмыс жасауын дамыту;
- танымдық қабілеттерін дамыту: ойлау, ес, қиял.

Тәрбиелік:

- қоғамда және үйірмеде еңбексүйгіштікке, ұжымшылдыққа, міндеткерлікке, адалдық пен іс-әрекет мәдениетіне тәрбиелеу;
- робототехника зертханасының материалды-техникалық базасына ұқыпты қарым-қатынасына тәрбиелеу.

Берілген қосымша білім беру бағдарламасының өзгеше ерекшеліктері мынадан тұрады:

- пікірталастарда, семинарларда дәстүрлі емес оқыту әдістерін қолдану;
- алған білімдерді бақылаудағы дәстүрлі емес формаларды қолдану;
- мұғалімнен білім алушыларға талап етілген білімдерді жеткізуге және оларды өздігінен білім алу арқылы алуға арналған алғышарттарды жасау;
- білім алушылардың техникалық ой-өрісін кеңейтуге және оның шығармашылық потенциалын дамыту;
- мұғалімнің бақылауымен алдыңғы тәжірибенің негізінде техникалық сұрақтарды шешудегі білім алушылардың дербестігін кеңейту.

Оқытудың негізгі принциптері: шығармашылық белсенділік, саналылық, бірізділік, теория мен практиканың байланысы, жүйелілік, көрнекілік принципі.

Жұмыста қолданылатын педагогикалық білім беру технологиялары:

- ◆ жүйелік тәсілдеме;
- ◆ модулдік оқыту;
- ◆ әртүрлі деңгейлік оқыту;
- ◆ өзара және өзін-өзі оқыту;
- ◆ алгоритм;
- ◆ сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- ◆ семинар;
- ◆ пікірталас.

Оқытудың әртүрлі формаларын қолдану сабақтың нәтижелігін, білім алушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырады.

Оқыту үдерісінде жеке және топтық сабақтар, теориялық, практикалық, шығармашылық, ойын, сайыстар, байқауларды қолданады.

Бұл берілген қосымша білім беру бағдарламасы **үлкен мектеп жасындағы** балаларға арналған. Қолданылатын құралдар мен приборларды жұмыстағы ынтасы және жоғары күрделі ықпалымен байланыстылығы, жұмысты рационализациялауда топтың 10 адамнан көп еместігі және қауіпсіздік мақсатында қарастырылады. Бірлестік жұмысының ерекшелігі өз **еркімен сабаққа қатысуымен** анықталады.

Қосымша білім беру бағдарламасының жүзеге асырылу мерзімі.

Берілген бағдарлама екі жылға оқытуға арналған және әрбір топқа бірінші оқу жылы 144 сағат және екінші оқу жылы 216 сағатты құрайды.

Бағдарламада үйірме қатысушыларын робототехника, радиоэлектроника және бағдарламалау «қарапайымнан күрделіге» принципі: қарапайымнан өз бетінше әзірлеуге дейін және жоғары күрделі құрылғы мен техникалық жүйені жасауды кезендері бойынша

таныстыру қарастырылады. Үйірме мектеп білім алушыларының, яғни робототехникада, радиоэлектроника және бағдарламалаудың практикалық жұмыстары бойынша жеткілікті білім мен дағдылары қалыптаспаған мектеп ортасына арналған. Ерте оқытудың басталуы құбылыс пен ұғымды, жаңа және арнайы терминдерді жеңіл қабылдау мен меңгеруге мүмкіндік береді. Робототехника үйірмесі күрделілігі жағынан балалар техникалық шығармашылығы бойынша үйірмелер арасында бірінші орынды алады.

Оқу соңында білім алушылар білуге міндетті:

- техникалық жүйедегі басты заманауи тәсілдемелері;
- техникалық құрылғыларды соның ішінде роботтарды басқару сызбаларының әзірлеу тәсілдемелері;
- радиоэлектронды құрылғыларды монтаждау әдістері, радиотетіктерді дұрыс дәнекерлеу;
- баспа ақыларын дайындау технологиялары;
- техникалық құрылғыларды соның ішінде роботтарды басқаруда қолданылатын қарапайым электронды схемалар;
- қарапайым механикалық жүйені жинау әдістері;
- қауіпсіздік техника ережелері және оларды орындау.

Оқу жылының соңында білім алушылар білуі тиіс:

- басқаратын техникалық жүйені соның ішінде роботтарды бағдарламалау;
- әртүрлі материалдарды қайта өңдеу;
- радиотетіктерді дәнекерлеуді жасап шығару;
- техникалық жүйені соның ішінде роботтарды басқару үшін қарапайым радиоэлектронды құрылғыларды жинау және қалпына келтіру;
- баспа ақыларын дайындау;
- техникалық жүйені басқару үшін сызба жасау.

«Кибернетикалық жүйелер» бірлестігі сабағының мақсаты- бұл өздігінен білім алу әдістерін және жетілдіру шеберлігі, қойылған міндеттерді шешуде шығармашылық жағынан оқыту.

Сабақтың түрлері және тәртібі

Оқу сабағының ұзақтығы бірінші жылы аптасына 2 рет 2 сағаттан (бір топ үшін), екінші оқыту жылы бойынша 2 рет 3 сағаттан тұрады. Сабақ теориялық және практикалық бөліктерден тұрады.

Білім алушылардың теориялық материалды меңгерудің негізгі формасы ретінде мәселелік-дамытушы оқытудың әдісі ретінде диалог әдісі болып табылады. Теориялық материалды меңгеруде жақсы нәтижелерді екі сағат бойынша 15-20 минут үзілісі бар.

Әрбір ұзақтығы 15-20 минут болатын екі сағаттық сабақта және 25-30 минут болатын үш сағаттық сабақта тетіктерді, құралдарды, тәжірибелерді қолдана отырып, пікірталас жүргізу мүмкіндігі мен үздік конструкторлық әзірлемелерді көрсете алатын танымдық әңгімелесу (дәріс емес) түрінде өткізілетін сабақ теориялық материалдарды меңгеруде жақсы нәтижелерді береді. Сонымен бірге сабақ жүргізуде көбірек тәжірибесі бар үйірме мүшелерімен бірге өздерінің дайындаған үздік робототехникалық құрылғыларын көрсетеді.

Білім беру үдерісін ұйымдастырудың жетекші түрі практикалық жұмыс болып табылады. Практикалық сабақтар зертханалық жұмыс түрінде өткізіледі яғни бұл үйірмені жөндеу шеберханасына айналдырмай, үйірме мүшелерінің қызығушылықтарымен тығыз байланысады. Үйірме мүшелері кейбір робототехникалық құрылғыларды таңдай, жасай және жинай отырып, олардың жұмысы мен әрекетінің принципі, бөлек тетіктері және каскадтарының міндеттері, оларды жөндеу әдістері, ақаулықты іздеу және алып тастау туралы ұғым қалыптастырады. Практикалық сабақтарда басынан аяғына дейін монтаждалатын және балаладың өздерімен жөнделетін құрылғыларды дайындау жоспарланады.

Робототехника үйірме сабағының түрі және тәртібі білім алушылардың сабаққа деген тұрақты қызығушылығын қолдауға, үйірмеде жайлы адамгершілік-психологиялық климатты құруға, шығармашылық қабілетін дамытуға және робототехника саласындағы теориялық білімдерін жинауға бағытталады. Әрбір нақты жағдайда және әртүрлі деңгейде оқытуда сабақтың түрін таңдау меңгерілетін материал күрделілігінің деңгейімен, білім алушының жалпы даму деңгейімен, білім беру мақсаты және т.б. көптеген басқа факторлармен, білім алушылардың эмоциялық күйімен қоса анықталады.

Күтілетін нәтижелер және оларды тексеру тәсілдері

Берілген қосымша білім беру бағдарламасы аясында білімдерін, теориялық материалдарды игеру деңгейін тексеру үшін әңгімелесу, сұрақ қою, микросынақ, сынақ, тест соның ішінде және компьютерлік техниканы қолдану, сондай-ақ сайыстар мен шығармашылық жобаларды қорғау түріндегі әртүрлі бақылау түрлерін қолданады.

«Ақылды үй» тұжырымдамасының элементтерін үйірме мүшелерімен бірге зерттеу және әзірлеу болжанады. Мұнда техникалық шешімдерді әзірлеу және техникалық құрылғыларды бағдарламалау кіреді. Мысалы, басқарылатын жарық және жылу беру жүйелерін,

басқарылатын бейне бақылау жүйесін, басқарылатын шаңсорғыштарды және т.б кіргізуге болады.

Сондай –ақ, сезгіштік тетіктермен жабдықталған, қозғалмалы арба үлгісіндегі мобильді роботтардың негізгі түйінін үйірме мүшелерімен бірге зерттеу, жобалау және әзірлеу болжанады.

Үйірме мүшелерінің арасында роботтар көрмесі және екі кезеңнен тұратын: теориялық (сұрақтарға жауап беру) және практикалық (аз уақыт ішінде радиоэлектронды құрылғыны жинау) техникалық эстафета мен техникалық жүйесі ең көп танымал болып отыр. Жүйелік бақылау тексерулері педагогке үйірме мүшелерінің білімдеріндегі ақаулықты анықтауға және жеке жұмыс түрлері арқылы білім алушыларға оларды түзетуге көмектеседі.

Қосымша білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың қорытындымсын шығару техникалық басқарылатын құрылғылардың үздік экпонаты қойылатын әртүрлі деңгейдегі тақырыптық көрмелерге қатысу, байқау түрінде, сондай-ақ «Ақылды үй» тұжырымдасының жүйесінде жұмыс жасауды көрсету түрінде іске асырылады.

Білім беру бағдарламасының әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бағдарламаның түпкі ойының негізінде ынталандыру және мотивацияға бағытталған сабақтың түрлері мен әдістері алынды, яғни педагог алғашқы сабақта жайлы жағдайды жасай отырып, өзіне және оқуға деген тәрбиеленушілердің қызығушылығын қалыптастыру мақсатында келесі әдістер мен тәсілдерді қолданады:

- Сөздік әдістер және тәсілдер (әңгімелесу; баяндау, пікірталас, үлгіні, ережені және анықтаманы қолдану);
- Көрнекілік әдістері және тәсілдері (үлгіні қарастыру, заттарды, көрнекілік құралдарды көрсету, презентация, жұмыс тәсілін көрсету, жұмысты талдау);
- Практикалық әдістер
- Сабақ барысында педагогтің басшылығы, мөлшерлік көмек, өз бетінше жұмыс;
- Эмоциялық ынталандыру әдістері;
- Шығармашылық тапсырмалар;
- Алған білімдер мен дағдыларды жүйелеу, жалпылау, талдау;

- Мәселелік, ізденушілік түрлері;
- Ауызша, жазбаша түрінде өз бетінше бақылау, өзара бақылау, түзету, талдау түріндегі бақылау немесе білімін қарау түрінде көрсетіледі.

Сабақтың әдістері репродуктивтіден продуктивтілікке, жалпыдан топтық және жеке жұмысқа біртіндеп көшумен сипатталады. Сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі түрлерінің қатарында, пікірталас, экскурсия, танымдық ойындар, кітаппен жұмыс жасау бағдарламасында дәстүрлі емес түрлері де қарастырады:

- байқаулар;
- сайыстар;
- шығармашылық жобаларды қорғау;
- білім аукционы.

Оқу және тәрбие сабақтарының барлық түрлерінің негізінде ортақ сипаттамалары алынады:

- әрбір сабақтың мақсаты, нақты мазмұны, оқу-педагогикалық қызметін ұйымдастырудың белгілі әдістері бар;
- кез келген сабақ белгілі бір құрылымда яғни бөлек өзара байланысты кезеңдерден тұрады;
- сабақтың түрі оның мақсаты мен міндеттеріне сай келгенде оқу сабағының құрылымы белгілі бір логика бойынша жүзеге асырылады;
- әрбір сабаққа арналған әдістемелік кешендер жасалады: ақпараттық материалдар мен конспектілері, дидактикалық және үлестірме материалдары, технологиялық және нұсқаулық карталары, сабақтың нәтижесін анықтауға және бақылауға арналған материалдары, жүйеге келтіруші және жалпылаушы кестелері, тапсырманың сызбасы, дамытушы ойындар.

Бағдарламаның жүзеге асыру шарттары

Берілген бағдарлама оны қамтамасыз етілуін жасаушылардың өзара әрекеттестігінің арқасында жүзеге асырылуы тиіс:

1) Техникалық және материалдық жабдықтылығы:

Құрал-жабдықтар: дәнекерлегіш, дәнекер, флюс, хлорлы темір, қақталған гетинакс (текстолит), фанера, слесарлық құрал, өлшеуіш приборлары, тоқ көздері, дыбыс жиілігінің генераторы, транзистор және диодтарды тексеруге арналған приборлар, осциллограф, нитробояулары, еріткіш, бұранда, белгі салушы, электроқозғалтқыштар, редукторлар, техникалық құрылғыларды желіге біріктіру және оларды басқаруға арналған контроллер, қозғалмалы арбаны жасауға арналған конструктор, басқаратын техникалық жүйені бағдарламалау үшін арнайы компьютерлер.

2) Жағдайға қойылатын жалпы талаптар

- кабинеттің жабдықталуы бағдарлама мазмұнына сай болуы, оқу материалы мен көрнекті құралдарымен тұрақты жаңарып отыруы тиіс;
- кабинеттің ауасын тазарту, тазалығы, жарықтылығы;
- ұйымдық қамтамасыз етілуі;
- 10 дана жұмыс орнымен жабдықталған оқушы үстелдері бар кабинет;
- педагог үстелі- 1 дана;
- оқушының тақтасы- 1 дана;
- жабдықтар, оргтехника және құралдары (қосымша);
- бағдармалық қамтамасыз етілуі (қосымша).

3) Кадрлық қамтамасыз етілуі

Берілген бағдарламаны жүзеге асырушы педагог, үйірме жетекшілері келесі жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттері болуы тиіс:

өзіне және берілетін пәніне қызығушылықты шақыра білу;
 тәрбиеленушілердің жеке тұлғалық дамуы үшін жайлы жағдай жасау;
 тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін ашу және көре білу;

педагогикалық шеберлікті тұрақты жетілдіру және мамандығы бойынша біліктілікті арттыру деңгейін көтеру.

Бағдарламаның нәтижесін бағалау белгілі бір операциялардың орындалу нәтижесін, конструкцияның орындалу, мәтіндік тапсырмалардың, шығармашылық жобалардың қорғау, есептік және қорытынды сабақтардың бағасын педагогтер және білім алушылармен талқылау қарастырылады. Конференцияларда, байқауларға қатысу, көрмеде жұмыстарды қою.

Бақылау жүйесі:

Сабақтарда алған білімдерін, дағдыларын және ептіліктерін педагогикалық бақылау арқылы оқыту бағдарламасы аясында балалармен игерген білімдерінің сапасын анықтау. Өткізілетін іс-шаралар білім алушылардың шығармашылық биік шыңына жетуге, жақсы нәтижелерге жетуіне мақсатталады.

Бақылау түрлері:

- оқу жылы бойы тәрбиеленушілерді жүйелік бақылау;
- қорытынды сабақтар;
- қорытынды көрмелер;
- бақылау тапсырмалары;
- әңгімелер;
- байқаулар, сайыстар;
- зияткерлік ойындар, викториналар;
- презентациялар;

- авторлық жобаларды қорғау.

1-ші оқу жылына арналған оқу жоспары

№ п/п	Мазмұны	Сағаттар
1.	Кіріспе сабақтары	6
2.	Басқарылатын техникалық жүйелерге арналған электрониканың негізі	50
3.	Басқарылатын техникалық жүйелерге арналған ағдарламалаудың негізі	50
4.	Мектептің инфрақұрылымындағы техникалық жүйелерді аңғырту	32
5.	Экскурсиялар	4
6.	Қорытынды сабақтар	2
БАРЛЫҒЫ:		144

2-ші оқу жылына арналған оқу жоспары

№ п/п	Мазмұны	Сағаттар
7.	Кіріспе сабақтары	6
8.	Техникалық жүйелерді басқаруға арналған контроллерді ағдарламалаудың негізі	80
9.	Басқарылатын техникалық жүйелердің орындаушы механизмдерді және тетіктерді қолдану негізі	80
10.	Мектептің инфрақұрылымындағы техникалық жүйелерді аңғырту	38
11.	Экскурсиялар	10
12.	Қорытынды сабақтар	2
БАРЛЫҒЫ:		216

1-ші оқу жылына арналған оқу-тақырыптық жоспары

№ п/п	Тақырыбы	Сағаттар саны		
		бар лығы	Теор ия лық	практи калық
1.	<i>Кіріспе сабақтары</i>	6	6	
1.	Робототехника бойынша сабақтардағы техникалық қауіпсіздік ережелері. Үйірме жұмысының міндеттері және бағдарламасы	2	2	
1.	Робототехниканың тарихы. Басқарылатын жүйенің түрлері, оның міндеті.	2	2	
1.	Робототехника. Жалпы түсінік және маңызы	2	2	
2.	<i>Басқарылатын техникалық жүйеге арналған электрониканың негізі</i>	50	21	29
2.	Макеттік платалармен танысу. Электронды өңкерлегіш құрылғының құрылымы және жұмысының принципі. Штангенциркульмен жұмыс	2	1	1
2.	Мультиметр. Физикадан қысқаша ережелер. Негізгі өлшемін өлшеу.	2	1	1
2.	Осциллограф. Физикадан қысқаша ережелер. Негізгі өлшемін өлшеу.	2	1	1
2.	Көпірлі сызбаларды және резисторлы элементтерді зерттеу.	6	2	4
2.	Электр тізбектердегі конденсаторларды және өтпелі үрдістерді зерттеу	6	2	4
2.	Индукциялық шарғы және трансформаторды зерттеу	4	2	2
2.	Жартылай өткізгіш приборларды зерттеу. Иондалған электрлік сызбалар.	6	2	4
2.	Жартылай өткізгіш приборларды зерттеу. Транзисторлы электрлік сызбалар.	6	2	4
2.	Микроконтроллерлердің түрлері және міндеті	2	2	
2.	Басқарылатын техникалық жүйесінің электр қуат көзі	2	2	

1	2.	Басқарылатын техникалық жүйелерге арналған тетіктер және олардың қолданылуы	2	2	
2	2.	Басқарылатын техникалық жүйесіне арналған электрлік желілері	2	2	
3	2.	Электронды компоненттерді өнекерлеудің негізі	4		4
4	2.	Басқарылатын техникалық жүйенің микроконтроллерлік және электронды сызбаларын модельдеу және ретке келтіру	4		4
	3.	Басқарылатын техникалық жүйелерге арналған бағдарламалаудың негізі	50	20	30
	3.	С тілінің негізі. Деректердің түрлері, түрлерді өзгерту, шартты операторлар, кезендер, өптеген таңдау шарты	10	4	6
	3.	С тілінің негізі. Екінші бағдарламалар, документ түрлері	6	2	4
	3.	С тілінің негізі. Логикалық операциялар, атематикалық есептеулер	4	2	2
	3.	С тілінің негізі. Мәтіндік енгізу-шығару. арнақтармен жұмыс	6	2	4
	3.	С тілінің негізі. Көрсеткіштер және массивтер	6	2	4
	3.	С тілінің негізі. Деректердің құрылымы	4	2	2
	3.	Микроконтроллерді бағдарламалаудың негізі	10	6	4
	3.	Білім алушылардың арасындағы сайыс	4		4
	4.	Мектептің инфрақұрылымындағы техникалық жүйелерді жаңғырту	32	4	28
	4.	Сызба бойынша басқарылатын техникалық жүйенің механикалық компоненттерін дайындау	4	2	2
	4.	Басқарылатын техникалық жүйенің аспаптық ақыларын дайындау	6	2	4
	4.	Бейне бақылау жүйесін жасаудың негізі. Күзеге асырудың техникалық ерекшеліктері	6		6
	4.	Басқарылатын жарық жүйесін жасаудың негізі	8		8
	4.	Әртүрлі міндеттерді орындауға арналған автоматтандырылған техникалық құрылғыларды жасау	8		8

5.	<i>Экскурсиялар</i>	4	4	
6.	<i>Қорытынды сабақтар</i>	2	2	
Барлығы		144	57	87

2-ші оқу жылына арналған оқу-тақырыптық жоспар

№ п/п	Тақырыбы	Сағаттар саны		
		бар лығы	теори я лық	практи калық
1.	<i>Кіріспе сабақтары</i>	6	6	0
1.1	Робототехника бойынша сабақтардағы техникалық қауіпсіздік ережелері. Ұйым жұмысының бағдарламасы және міндеттері	3	3	0
1.2	Техникалық басқару құрылымылар аласы мен робототехниканың қазіргі ағдайы. Заманауи бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ететін техникалық құрылымыларды енгізу	3	3	0
2.	<i>Басқарылатын техникалық жүйеге арналған контроллерлерді бағдарламалаудың негізі</i>	75	30	45
2.1	Arduino платформасы үлгісіндегі заманауи аппаратты есептеуіш платформалармен танысу	6	3	3
2.2	Arduino платформасына арналған бағдарлама әзірмелерін зерттеу.	12	6	6
2.3	Arduino базасындағы есептеуіш платформасының бағдарламалау тілінің ерекшеліктері	21	9	12
2.4	Техникалық құрылғы элементтерімен басқару міндеттерін шешуге, Arduino контроллеріне арналған бағдарламаларды әзірлеу	27	9	18
2.5	Басқарылатын техникалық жүйелерге, контроллерлерге арналған бағдарламалардың жұмысын модельдеу	9	3	6
3.	<i>Басқарылатын техникалық жүйесін қолданатын механизмдерді және тетіктерді қолданудың негізі</i>	84	33	51

3.1	Тетіктердің түрлері. Басқырылатын техникалық жүйесін әзірлеуге арналған тетіктерді қолданудың негізі	9	3	6
3.2	Орындаушы механизмдердің түрлері. Басқырылатын техникалық жүйесін әзірлеуге арналған тетіктерді қолданудың негізі	9	3	6
3.3	Arduino есептеуіш платформасын қолдану арқылы тетіктерден мәліметтер айналу.	9	3	6
3.4	Arduino платформасын қолдану арқылы ұрақты тоқтың қозғалтқыштарын басқару	9	3	6
3.5	Arduino платформасын қолдану арқылы жарық диодты индикацияларды басқару	6	3	3
3.6	Arduino платформасының базасында робототехникалық жүйесін әзірлеудің негізі	30	12	18
3.7	Техникалық құрылғылармен басқару жүйесін модельдеу	12	6	6
4.	<i>Мектептің инфрақұрылымының техникалық жүйесін жаңғырту</i>	39	15	24
4.1	Техникалық құрылғымен басқаруға арналған деректерді табыстауда желісіз құрылғыны қолдану	9	3	6
4.2	Бейне бақылау жүйесін жасаудың негізі. Сүзеге асырудың техникалық ерекшеліктері	9	3	6
4.3	Басқарылатын жарық жүйесін жасаудың негізі	6	3	3
4.4	Әртүрлі міндеттерді орындауға арналған автоматтандырылған техникалық құрылғыларды жасау	15	6	9
5.	<i>Экскурсиялар</i>	9	9	0
6.	<i>Қорытынды сабақтар</i>	3	3	0
<i>Барлығы</i>		216	96	120

Бірінші оқу жылы бағдарламасының мазмұны

1. *Кіріспе сабағы*

1.1.Робототехника бойынша сабақтарда техникалық қауіпсіздік ережелері. Робототехника үйірме жұмысының бағдарламасы және міндеттері.

Теориялық деректер:

